

2021 жылдың 2 желтоқсанында оқу залында Дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күніне арналған «ЖҚТБ – Әлемдік Қасыр Индеті» көрмесі ұйымдастырылды. Халықаралық күнді алғаш рет Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы АИТВ-инфекциясының таралуынан туындаған СПИД індеті туралы хабардарлықты арттыру, сондай-ақ осы ауру құрбандарын еске алу күні ретінде жариялады.

Көрмеде оқырмандарға АИТВ-инфекциясы және ЖҚТБ деген не, АИТВ-инфекциясының таралуын болдырмау үшін әрбір адам не істей алады деген сұрақтарға жауап алуға көмектесетін әдебиеттер ұсынылған. Оқырмандар назарына аурудың тарихы, вирустың берілу жолдары, синдромдары мен қауіп топтары, АИТВ-инфекциясының емі мен алдын алу туралы әдебиеттер, нашакорлық проблемалары бойынша кітаптар ұсынылған. Мұнда салауатты өмір салты туралы әдебиеттер де берілген.

